

ЕО 2016/679 (Деректерді қорғау жөніндегі жалпы директиваның) 13 және 14-баптарына сәйкес ақпарат

1. Менің жеке деректерімнің өңделуіне кім жауапты және деректерді қорғау жөніндегі уәкілі кім болады?

Дербес деректерді өңдеуге Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығы: Иванилов көшесі 2, info@almaty.diplo.de және Германия Федералдық Сыртқы істер министрлігі (пошталық мекенжайы: Auswärtiges Amt, D-11013 Берлин).

Дербес деректерді қорғау жөніндегі уәкілге келесі түрде хабарласуға болады:

Werderscher Markt 1

D-10117 Berlin

Email: dsb-r@auswaertiges-amt.de

Tel.: + 49 30 5000 2711

Fax: + 49 30 5000 5 1733

2. Мен визаға өтініш берген кезде шетелдік өкілдік қандай деректерді өңдейді және бұл деректер қайдан келеді?

Өңделген дербес деректер санаттарына өтініш нысанында көрсетілуі тиіс деректер кіреді. Әдетте, олар: Сіздің қазіргі фамилияңыз; туған кезде алған тегі; аты; туған күні, жері және мемлекеті; жыныс; азаматтық; отбасы жағдайы; мекенжай; телефон нөмірі; электрондық пошта; кәсіби қызмет; сапарға алынған құжаттың деректері (құжат түрі, сериясы мен нөмірі, құжатты берген мемлекет және мекемесі, берілген күні, қолданылу мерзімі); фотосурет; саусақ іздері.

Жоғарыда көрсетілген деректер санаттары визаға өтініш беру процесінің бөлігі ретінде берген ақпаратқа сәйкес келеді.

3. Мен визаға өтініш беру үшін оны пайдаланатын адамға шақыру хатын берген кезде дипломатиялық өкілдік қандай деректерді өңдейді және бұл деректер қайдан келеді?

Өңделген жеке деректер санаттары шақырушыға визаға өтініш формасының бөлігі ретінде сұралған деректерді қамтиды. Бұған, атап айтқанда, тегі мен аты-жөні, мекенжайы, факс нөмірі және электрондық пошта мекенжайы кіреді.

Жоғарыда аталған деректер санаттары шақыру хатында және өтініш берушінің виза рәсімінде берген ақпаратынан туындайды.

4. Неліктен менің деректерім жиналады. Олар жиналмаса не болады?

Сіздің деректеріңіз жиналатын себебі ол виза беру процесін дұрыс орындау үшін қажет және заңмен талап етіледі. Егер Сіз визаға өтініш берсеңіз, Германияда тұратын туралы заңның (AufenthG) § 82-тармағына сәйкес өтінішті өңдеу үшін қажетті деректерді және қажетті ақпаратты қамтамасыз ету Сіздің жауапкершілігіңізге жатады. Деректеріңіз берілмеген жағдайда, өтінішіңіз қабылданбауы мүмкін сонымен қатар өңдеу ақысы қайталанбайды.

5. Менің деректерім қандай мақсатпен және қандай заңды негізде өңделеді?

Жеке деректеріңізді өңдеу тек қана виза рәсімін дұрыс орындау үшін қызмет етеді.

Құқықтық негізі – 6 баптың 1 тармағы с) және е), 2 тармағы (ЕО) 2016/679 (DS-GVO) қаулысы (ЕС) № 767/2008 (VIS-қаулысы) және (ЕС) № 810/2009 (Виза кодексі), қосымшалармен бірге немесе § 72a (Резиденттік туралы заң) және § 69 Резидент туралы бұйрықты (Резиденттік туралы заң), сондай-ақ Шетелдіктердің орталық тізілімі туралы Заңның (AZRG-DV) орындалуын қамтамасыз ету туралы қаулысы, арнайы тізім туралы заңы (VWDG), арнайы ережелер немесе деректерді қорғау туралы Федералдық заңның § 3 (BDSG 2018).

6. Менің деректерім қанша уақыт пайдаланылады?

Сіздің деректеріңіз виза рәсімін орындау талап етілмей қалған кезде жойылады. Әдетте, жою виза рәсімі аяқталғаннан кейін екі жыл өткен соң, бірақ өтініш берілген виза туралы түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін бес жылдан кешіктірмей жүзеге асырылады.

7. Менің деректерімді кім алады?

Сіздің деректеріңіз виза процесін дұрыс жүргізу үшін қажет болған жағдайда ғана үшінші тараптарға беріледі. Процестің бөлігі ретінде Сіздің жеке деректеріңіз жауапты Германияның ішкі істер органдарына, басқа Шенгенге мүше мемлекеттердің жауапты визалық кеңселеріне немесе әдеттегі тұрғылықты жеріңіздегі жауапты органдарға берілуі мүмкін.

Визалық өтініштерді қабылдау және өңдеу шеңберінде жеке деректерді өңдеу.

Визалық өтініштерді «Визаметрик» виза орталығы қабылдап Астанадағы Елшілікке әрі қарай жібереді. Визаметрик Федералдық Сыртқы істер министрлігі атынан GDPR 28-бабына сәйкес алынған жеке деректерді өңдейді. Федералды Сыртқы істер министрлігі деректерді өңдеуге жауапты болып қала береді (жауапты тұлғаның аты-жөні және байланыс деректерді 1-бөлімде қараңыз). Өңдеуіш деректеріңіздің GDPR және BDSG талаптарына сәйкес өңделетініне және құқықтарыңыздың қорғалатынына кепілдік береді. Осы мақсатта Федералдық Сыртқы істер министрлігі өңдеушімен келісім-шартқа отырады. Онда GDPR 28-бабының 3-тармағының ережелері қамтылған және Сіздің жеке деректеріңіздің қауіпсіздігіне кепілдік беріледі.

8. Деректер субъектісі ретінде қандай деректерді қорғау құқықтарын растай аламын?

Сіз туралы сақталған деректер туралы ақпаратты жоғарыда аталған жауапты тұлғалардан сұрай аласыз. Сондай-ақ белгілі бір жағдайларда деректеріңізді түзетуді, жоюды немесе өңдеуді шектеуді сұрауға болады. Сондай-ақ белгілі бір жағдайларда деректеріңізді өңдеуге қарсылық білдіре аласыз.

9. Мен арызымды қай өткізе аламын?

Сіздің жеке деректеріңіздің өңделуіне қатысты деректердің қорғалуын қадағалау органына, атап айтқанда тұрғылықты жеріңіздегі, жұмыс орныңыздағы немесе болжамды деректердің қорғалуы бұзылған жердегі мүше мемлекетке шағым беруге құқығыңыз бар.